



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### «Сақ стилі» жаңа сериясымен шыққан номиналы 10 000 теңгелік банкнотаның қорғаныш элементтері туралы

Астана қ.

2024 жыл, 15 тамыз

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2024 жылғы 28 маусымнан бастап номиналды құны 10 000 теңгелік жаңа банкноталардың айналымға енгізілгенін еске салады.

Бұл ретте, 10 000 теңгелік жаңа банкноталар жаппай айналымға 2024 жылдың шамамен қыркүйек айынан бастап түсе бастайды. Себебі еліміздің барлық өңіріне жеткізу және жабдықтарды (банкоматтар, терминалдар және басқа да кассалық техникалар) бейімдеу белгілі бір уақытты қажет етеді.

Сондай-ақ, ҚҰБ жаңа дизайндағы 10 000 теңгелік банкнотаның негізгі қорғаныш элементтерін ұсынады. Нұсқаулық азаматтарға шынайы банкнотаны жалған ақшадан өз бетінше ажыратуға көмектеседі.

Бұл амал банкнотаның түпнұсқалығын тексеріп алуға көмектеседі.

### Жаңа дизайндағы 10 000 теңгелік банкнотаның қорғаныш элементтері туралы

Банкнотада рельефті қалыптастыратын – арнайы алтын интаглио баспа тәсілі қолданылған. Қазақстан Республикасының елтаңбасы алтын металл бояудың жоғары бедерлі қабатымен басылған.



Банкноттың беткі бетінің шетінде шығыңқы, жоғары рельефті элементтер бар. Олар қолмен ұстағанда жақсы сезілетін – **көру қабілеті нашар адамдарға арналған белгі.**




Банкнота бетінде үзiк-үзiк түрiнде шығып тұрған **екi түстi қорғаныш жiп** бар. Оны жарыққа тосып қарағанда бiр тұтас жiп болып анық көрiнедi. Банкнотаның көлбеу бұрышы өзгерген кезде көк және күлгiн түстердiң өзара әрекеттесуiнен динамикалық лүпiлдеу әсерi пайда болады.



Сонымен қатар, банкнотаның бет жағында «Барыс» артефактының көлемді бейнесі түріндегі **патч** қорғаныш элементі орналасқан. Банкнотты аударып қараған кезде тау шыңының және номиналдың цифрлық кескінінен ою-өрнекке ауысу әсері және сәулелердің жан-жаққа шашыраған динамикалық әсері пайда болады.



**Түсі өзгермелі терезе.** Терезедегі өтпелі жарықта тау шыңының сұлбасы алтын түстен көк түске өзгереді.



Банкнотаның екінші бетінде «Аузында грифондар бар Барыстың басы» артефактінің көлемді бейнесі түрінде **Спарк** қорғаныш элементі орналасқан. Банкнотаның көлбеу бұрышы өзгерген кезде **Спарк** түсі алтыннан нефрит түсіне өзгереді.



Жеке көркемдік элементтер банкнотаға алтын түстес жылтырағы бар арнайы – **иридисцентті бояуы** басылған.



Жергілікті су белгісі қорғаныш элементі – **электротип**. Жарық түскенде номинал бейнесінен тұратын электротип белгісі анық көрінеді.



Номиналы 10 000 теңгелік банкнотадағы қорғаныш элементтері туралы ақпараттық материалмен мына сілтемеде: <https://nationalbank.kz/kz/news/zashchitnye-elementy-na-banknotah-nacionalnoy-valyuty---tenge>, сондай-ақ ҚҰБ YouTube-арнасында: <https://www.youtube.com/watch?v=rPuWQnloGvs> танысуға болады.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)